

**Шығыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ**

*«Ақшамшық»
ойын-сауық кеші*

**Өскемен қаласы,
2023 жыл**

- Көшеде жарапазан айтқан белсенді жастарды көрдім.
- Осы жаққа бет алып келе жатыр...

(Жарапазан айтып жастар келеді)

(Жастар жарапазан айтады)

Жастар:

- Ал, мында не болып жатыр екен ?
- Өздерінің ән жырлары жарасқан жақсы отырыс болатын сияқты
- Көңілді көтермесең кір шалады дейді, жастармен бір ойын ойнасақ қайтеді.

Қыздар:

- Ойын күлкі витамин демекші бір жадырап ән салып, ұлттық ойындар ойнайық.
- Ендеше «Ақшамшық» ойынын ойнасақ қайтеді?
- Иә, иә....Келіндер жастар, бірге ойын ойнайық ...

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті бәлдәурендіктер, бүгінгі әдемі кештің жыр мен ән - күй сүйер, сөз тыңдар қауымы!

2 - жүргізуші:

Жылдардың да жұлдызды жылы болады, айлардың да айшықты айы болады, күндердің де естен кетпес елеулі күні болады. Біздің жастар орталығында да естен кетпес сондай тамаша, жарқын күндердің бірі – бүгінгі «Ақшамшық» ойын-сауық кеші.

1- жүргізуші: Осы «Ақшамшық» ойынын кім біледі?

2 - жүргізуші: Ақшамшық (Сақина салу) – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он–он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің ала-қанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», — деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», — деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр. Ендеше осы ұлттық ойынды бәріміз ойнайық.

- Ерболат, Әсем бәрі бүгін тақиямен келіпті....

- Иә, иә бәрі тақиялы періште сияқты....

2-жүргізуші: Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Жалпы жастар салт-дәстүрді білеміз бе?

Ендеше келесі кезекті сұрақ-жауапқа берсек.

(Қазан ішінен сұрақтар қойылады, сұраққа жауап бермегендер өз өнерін көрсетеді)

Қара қазанда қайнап жатқан ұлттық салт-дәстүрге байланысты сұрақтар бар екен, қанекей әр топтан бір топ мүшесі келсін.

1. Енші деген не?

Мақалды жалғастыр. Арсыз жігіттен, намысты артық.

Жұмбақ: Күндіз шайқасады, Түнде айқасады.

2. Байғазы деген не?

Мақалды жалғастыр. Қызды кім айттырмайды, ішпейді.

Жұмбақ: Үш көйлегің бар. Біреуін-ауылда, біреуін-қалада, біреуін-шет елде киесің. Ол не?

3. Ерулік деген не?

Мақалды жалғастыр. Ұл орнындағы ту, қу.

Жұмбақ: Жылатады қанатады, бірақ қыздар оны ұнатады.

4. Көрімдік деген не?

Мақалды жалғастыр. Астың дәмін тұз келтірер, келтірер.

Жұмбақ: Үй үстінде ақ аю билеп жүр.

5. Бастанғы деген не?

Мақалды жалғастыр. Жаман қыз қаймақшыл,

Жұмбақ: Ағайынды төрт батыр,

Көтергені бір шатыр.

6. Сыбаға деген не?

Мақалды жалғастыр. Суды құм бөгейді, бөгейді.

Жұмбақ: Сегіз бала, екі ат арба,

екі түйеде патша мен бәйбішесі.

Сұрақтардың жауабы.

1. Енші деген не? (балалары ержетіп үй болғанда ата — анасы оған дүние мүлік, мал беріп, отау тігіп жеке шығарады. Бұны енші деп атайды)

Мақалды жалғастыр. Арсыз жігіттен- намысты қыз артық.

2. Байғазы деген не? (балалардың, жастардың жаңа киім үшін (мысалы: жаңа көлік, диплом) берілетін ақшалай, заттай сыйлық.)

Қызды кім айттырмайды,

Қымызды кім ішпейді.

3. Ерулік деген не? (Басқа жерден көшіп келген көршілерге сол жерде бұрынан тұратындар ерулік береді, яғни қонаққа шақырады)

Мақалды жалғастыр. Ұл орнындағы ту, қыз - айдындағы қу.

4. Көрімдік деген не? (Жаңа туған балаға, жас келінге, құдасына, күйеуге беріледі. Мұның

маңызы жақын жуықтың адамгершілігін, ниетін, ашық қолдығын танытудың белгісі ретінде қаралады)

Мақалды жалғастыр. Астың дәмін тұз келтірер..... (Ауылдың сәнін қыз келтірер.)

5. Бастанғы деген не? (үйдің үлкендері жол жүріп кеткенде ауыл жастары сол үйге жиналып,

жолаушылардың басы ауырмасын және жолдары жеңіл болсын деген ниетпен бас қосып ойын — сауық құрады)

Мақалды жалғастыр. Жаман қыз қаймақшыл, жаман ұл аймақшыл. (Үстел)

6. Сыбаға деген не? (құрметті қонаққа не өздерінің жақын жуығына арнап сақталған кәдені ет мүшелерін сыбаға деп атайды. Үлкен ақсақалдарға, құдаларға, жолы үлкен адамдарға сыбаға әдеті сақталады.)

Мақалды жалғастыр. Суды құм бөгейді, дауды қыз бөгейді.

1- жүргізуші: «СИҚЫРЛЫ ТАЯҚ»- қазақтың ұлттық ойыны.

Менің қолымда сиқырлы таяқ. Ойын шарты: мен таяқты ұстап тұрып кез келген бір ойыншының нөмірін айтамын да, жерге тіреп тұрған таяқты жібере саламын. Нөмірі аталған ойыншы таяқты жерге құлатпай ұстап алса, өз орнына барады, ал таяқты құлатып алса, ортаға шығып, өнер көрсетеді.

(Болған соң, ойыншыларға рахмет айтады)

Құрбы құрдастарым, ойын үшін сендерге рахмет!

2- жүргізуші: Санамақ

Ойынның шарты: Бір қыз бен бір жігіт ортаға шығады. Жігіт қызды, ал қыз жігітті сипаттайтын сын есімді сөздерді айту керек. Егер қателессе, ойыннан шығады. Тоқтамай, қателеспей айтып шықса, жүлде алады.

Жігіт: Ару, сұлу, көркем, сүйкімді, әдемі, ғажап, айдай, күндей, кербез, сымбатты, инабатты, ажарлы, жайдарлы және т. б.

Қыз: батыр, ер, азамат, батыл, қаһарман, ержүрек, айбынды, қайсар, айбатты, жігіт, сымбатты, қорғаушы, жалынды, отты, және т. б.

Ойын: Ләңгі ойыны,

Ойын: асық.

Бәрі «Қара жорға» биін билейді.

Қорытынды: Әрқашан ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, оны дәріптеп жүретін жалынды жастар көп болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Амандықта жүздесейік!

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейсенбек Ахметов «Қуыр-куыр, қуырмаш», Алматы «Өнер» 1993.
2. Е. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары», Алматы «Рауан» 1991.
3. Кендебай Абишев, Нұрғалым Теміров «Қазақтың ұлттық спорт түрлері», Алматы 2015.
4. Байахмет Жұмабайұлы «Қазақ балаларының байырғы ойындары», Алматы 2020.